

Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – зерттеулер (сынаулар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесіне, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнай қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 045/2017) техникалық регламентінің талаптарын қолдануға және орындауға арналған қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларына өзгерістер енгізу және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 13 наурыздағы № 20 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы Хаттаманың 4-тармағына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 9 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне тіркелген № 2 қосымшаның 5 тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2018 жылғы 24 шілдедегі № 118 шешімімен бекітілген халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – зерттеулер (сынақтар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттар, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Тасымалдауға және (немесе) пайдалануға дайындалған мұнай қауіпсіздігі туралы" (ЕАЭО ТР 045/2017) техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларына өзгерістер енгізу және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру туралы тізбесінің 1-позициясы мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"

1		МемСТ 31378-2009 7.4 және 7.5 -тармақтары "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар"	
1 <sup>1</sup>	13 және 17-тармақтар, сынақтардың кезеңділігі	МемСТ Р 51858-2002 8.4 және 8.5 -тармақтары "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар"	01.01.2030 жылға дейін қолданылады
1 <sup>2</sup>		ҚР СТ 1347-2024 8.3 және 8.4 – тармақтары "Мұнай. Жалпы техникалық шарттар"	01.01.2030 жылға дейін қолданылады

1 <sup>3</sup>	VI бөлім	МемСТ ISO 3170-2022 " Сұйық мұнай өнімдері. Қолмен сынама алу әдістері"
----------------	----------	--

".

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
алқасының төрағасы*

*Б. Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК